

МҰҒАЛІМНІҢ АТА- АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚЫЗМЕТІН АҚПАРАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ажмолдаева А.Е. - педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
ajmoldaeva_akmaral@mail.ru*

Бактиярова Г.П., аға оқытушы, Baktiarova84@mail.ru

Өмірбеков Р.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі, ruto9190@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация.

Бұл мақалада Мұғалім еңбегін автоматтандыруда қолданылатын барлық ақпараттандыру құралдары мен технологиялары мектеп оқушылармен тікелей қатысуға байланысыз басты мақсатқа - бірсарынды қиын әрекеттерді орындаудан педагогты барынша босатуға бағытталған. Осындай құралдар мен технологияларды пайдалану салдарынан мұғалімдердің өзінің кәсіби өсуіне, жаңа оқу және әдістемелік материалдар жасауға, әрине, сонымен қатар, мектеп оқушыларын қосымша оқытып тәрбиелеуге де бос уақыты мен қуаты бар болатын болады. Педагогтарға телеқатынастарды атап айтқанда, электрондық поштаны пайдалану ата-аналарды әр оқушының оқуы мен тәрбие барысы жайында жеке диалог ұйымдастыру арқылы тез хабар беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-аналар мұғалімдерге әр оқушының оқуы үшін түзетуге қажет мәліметтер туралы хабар беруге мүмкіндік алады.

Кілт сөздер.

Диспетчер, технология, автоматтандыру, телеқатынастық, ресурс, факт, SMS.

Аннотация.

В данной статье рассматриваются информационные средства и технологии, используемые для автоматизации труда учителя. Подчеркивается, что их основная цель заключается в максимальном освобождении педагога от выполнения однообразных и трудоемких операций без прямого участия учащихся, что позволяет ему сосредоточиться на профессиональном развитии, разработке новых учебно-методических материалов, а также на дополнительном обучении и воспитании школьников. Использование современных технологий, включая телекоммуникационные средства, в частности электронную почту, позволяет оперативно информировать родителей через индивидуальный диалог о ходе обучения и воспитания каждого ученика. В свою очередь, родители получают возможность своевременно передавать учителю информацию, необходимую для корректировки образовательного процесса.

Ключевые слова: диспетчер, технология, автоматизация, телекоммуникация, ресурс, факт, SMS.

Кіріспе. Білімділендіруді ақпараттандырудың жалпы мәселелері, оның бағыттары, оны жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мен бағыты ретінде қарастыру, тағы да басқа мәселер [1,2] мақалаларда жарияланған. Бұл мақалада білімділендіруді ақпараттандырудың көп бағыттарының бірі болатын мұғалім қызметі мен ата-аналармен жұмыс істеу қызметін ақпараттандыру мәселелері қарастырылады.

Білімділендіруді ақпараттандыру жағдайында жыл өткен сайын оқытушының еңбегі күнен-күнге күрделене түсуде. Оқу пәндерінің мазмұны өзгеріп, оқытудың жаңа құралдары мен әдістері пайда болуда. Көп жағдайда, мұғалім еңбегінің күрделілігінің артуы ол өз жұмысында ескеруі қажет ұдайы өсіп отыратын ақпарат ағымына байланысты болады.

Ақпараттық және телеқатынастық технологиялары құралдарын пайдалану көбінесе осындай қызметті автоматтандырып, мұғалімге жүктелген жұмыстарды іске асыруды жеңілдетеді. Осының салдарынан ақпараттандыру құралдарын педагогикалық қызметте, есеп-қисап жүргізу, жоспарлау және басқару сияқты істерде осылай пайдалану мектеп оқушылары оқыту жүйесін тиімді етуге оң әсер ете алады. .

Егер дәлірек айтар болсақ, ақпараттық және қатынастық технологияларды

мұғалімдердің пайдалануы мектеп оқушыларының таңымдық қызметін тиімдірек басқаруға, оқыту мен тәрбиелеу нәтижелеріне жедел түрде бақылау жүргізуге, оқушылардың білім сапасы жүйесінің тиімділігі мен білімділігі деңгейін арттыру үшін негізделген және мақсатқа сай шаралар қолдануға, әдістемелік шеберлігін мақсатқа сай жетілдіруге, мектепте жинақталатын ұйымдастыру ақпаратына адрес бойынша тікелей тез қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдетте, мұғалім еңбегін жеткілікті түрде тиімді автоматтандыру мен әкімшіліктендіру мектепте стандарт бойынша бар компьютерлік техниканы пайдалану арқылы іске асыруға болады. Бұған кейбір жағдайда қалта компьютерін қоса пайдалануға болады.

Мұғалім еңбегін тиімділігін арттыруға бағытталған қазірге кезде жасалынған, жалпы орта білім беру жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдар қатарына төмендегі құралдар[2]:

- өзінің кәсіби қызметін іске асыру үшін қажет ақпараттық ресурстар мен электрондық басылымдарға қол жеткізу құралдары (бұл ресурстар мен басылымдар мектептің жергілікті компьютерлік желісінде бар болып, электрондық кітапханалық қорда сақталуы немесе әлемдік компьютерлік желіде басылып шығуы мүмкін);
- оқытудың мазмұны мен әдістерін жоспарлау құралдары;
- мұғалімнің қолында бар, оқу және әдістемелік ресурстың әр қайсысын пайдалануды жоспарлаудың ішкі жүйесімен қоса, оқу және әдістемелік материалдарды қысқа және кеңейтілген сипаттау құралдары;
- оқу сабақтарын, сабақтан тыс шараларды, мектеп оқушыларының өзіндік қызметтерін жоспарлау мен ретке келтіру (диспетчерлеу) құралдары;
- әр оқушы мен әр сабақ бойынша жекеленген мәліметтерді ескеруге мүмкіндік беретін жүйелер мен мәліметтер қоры;
- әр оқушының үлгірімін есепке алу жүйелері;
- құжаттандыруды іске асыруды автоматтандыру және есептік құжаттарды құрастыру құралдары;
- оқушылар мен оның ата-аналарымен тез қарым-қатынас жасауды жолға қоюға мүмкіндік беретін телеқатынастық құралдар, әр оқушы оқуының нәтижелері мен барысы туралы ата-аналарына ақпарат беру құралдары жататындығын атап өтуге болады.

Мұғалім еңбегін ақпараттандыру негізін құрайтын жоғарыда айтылған ақпараттық қатынастық технологиялар құралдарын пайдалану педагог қызметін автоматтандыруға, соның салдарынан оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ол қызмет түрлеріне[3]:

- қажет уақыт аралығына оқу жүктемелерін есептеу;
- оқушылардың жүктеуге қойылатын талаптарды ескере отырып оқу сабақтары мен оқудан тыс шаралардың кестесін құру;
- мектеп оқушыларын дайындаудың әдістемелік жүйесі шеңберінде қажет ең көкейкесті оқу материалдары мен оқыту құралдарын іздеу;
- дәстүрлі класс журналын әр оқушы бойынша сабаққа қатысуы, әр оқушы көрсеткен оқыту нәтижелері сияқты жекелеген мәліметтерді қамтитын оның электрондық нұсқасына ауыстыра отырып, әр оқу сабағының жүргізудің барысы мен нәтижелерін есепке алу;
- оқу сабақтарының тақырыптарын жоспарлау, сол сабақтарда әдістер мен құралдарды пайдалану;
- мұғалімнің педагогикалық қызметі барысында жинақталған оқу және әдістемелік материалдарды пайдалануға бет беру;
- әр оқушы бойынша оқытудың нәтижелілігін бақылау мен өлшеу;
- ата-аналар мен мектеп әкімшілігін оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу барысында туындаған мәселелер бойынша тез хабар беру;
- құжаттандыруды жүргізу және жүргізу мен есептік құжаттар құрастыру.

Мұғалім еңбегін автоматтандыруда қолданылатын барлық ақпараттандыру құралдары мен технологиялары мектеп оқушылармен тікелей қатысуға байланысыз басты мақсатқа -

бірсарынды қиын әрекеттерді орындаудан педагогты барынша босатуға бағытталған. Осындай құралдар мен технологияларды пайдалану салдарынан мұғалімдердің өзінің кәсіби өсуіне, жаңа оқу және әдістемелік материалдар жасауға, әрине, сонымен қатар, мектеп оқушыларын қосымша оқытып тәрбиелеуге де бос уақыты мен қуаты бар болатын болады.

Енді ата-аналар мен жұмыс істеуде ақпараттық технологиялардың рөліне көшейік.

Жыл өткен сайын компьютерлік телеқатынастарды, Интернет желісін, алуан-түрлі ақпараттық қатынастық технологияларды пайдалана алатын адамдар саны өсуде. Бұл компьютерлер мен бағдарламалық жабдықтарды мен жаппай тарауымен, үй жағдайында пайдаланылатын компьютерлер санының өсуімен, ақпараттық және телеқатынастық технологиялар пайдаланылатын адам кәсіби қызметі саласының кеңеюімен байланысты.

Егер бұрын компьютерлік техника мен желі ресурстарын адам толыққанды пайдалана алмаған болса, ал енді жыл өткен сайын өзінің кәсіби міндеттерін орындау барысында немесе үйде жұмыс істеуге компьютер мен программалық жабдықтарды сатып ала отыра пайдаланады. Осы фактыны ақпараттық және қатынастық технологияларды пайдаланатын оқушылар ата-аналары санының өскені ретінде қарастыруға болады. Мысалы, бір не екі ата-анасы да ақпараттық ресурстар мен Интернет желісінің қызметін пайдаланылатын оқушылар саны геометриялық прогрессия бойынша өсетіні айқын.

Осыған орай, ақпараттық, баса айтқанда телеқатынастық технологиялар мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналардың оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу барысында өзара әрекеттесу тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Алдымен айтқанда, педагогтарға телеқатынастарды атап айтқанда, электрондық поштаны пайдалану ата-аналарды әр оқушының оқуы мен тәрбие барысы жайында жеке диалог ұйымдастыру арқылы тез хабар беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-аналар мұғалімдерге әр оқушының оқуы үшін түзетуге қажет мәліметтер туралы хабар беруге мүмкіндік алады.

Бұдан да күрделірек ақпараттық және қатынастық технологиялар виртуалды ата-аналар жиналысын өткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсаттарға жіберу және телеконференциялар тізімін пайдалану ата-аналардың көп деген шараларын және оларға жаппай хабар беруді мектепке тікелей барып жиналысқа қатысуынсыз өткізуге мүмкіндік береді[4].

Мектептің Интернет желісінде өз сайттының болуы ата-аналарға мектеп, сынып, сабақ кестесі туралы, өткізілген сабақтар мен оқудан тыс шаралар туралы тез хабар алуға мүмкіндік береді.

Өзара ақпараттық әрекеттесудің мұндай режимі жеке және бөгде адам білмейтін ақпарат алу мүмкіндіктерін теріске шығармайды. Мектеп сайтында пайдаланушылардың құқығы мен құзырын бөлудің ішкі жүйесі іске асырылуы мүмкін, ал әр ата-ананың осындай сайтқа енуі үшін өз кілті болуы мүмкін.

Бұдан басқа, мектеп немесе басқа оқу мекемелерінің сайты ата-аналар үшін оқу-әдістемелік және тәрбиелік сипаттағы ақпарат көзі болып табылуы мүмкін. Осындай сайттар бетінен ата-аналар балалардың деңсаулығын сақтау, оларды қауіпсіздендіру әдістері туралы, баланың семья мен қоғамдағы тәртібінің ережелері туралы ақпарат, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша пайдалы кеңестер ала алады.

Телеқатынас ата-аналарға нақты режимде өз балаларының үлгірін бақылауға, оқуда туындаған мәселелер туралы ақпарат және мұғаліммен арадағы нақтылы мәселелерді жоюға бағытталған кеңестер алуға мүмкіндік береді. Ақпараттық қатынастық технологиялары құралдарын пайдалана отырып, ата-аналар оқушылардың үй тапсырмасын орындау дұрыстығын және барысын тексеруге мүмкіндіктер алады.

Жұмылдырылған (мобильді) ақпараттық жүйелердің, оған жататын бүкіл әлемдік компьютерлік желі мен жұмылдырылған телефонияларды пайдаланылуы қамтамасыз етілген жұмылдырылған телефон мен қалталы компьютерлердің пайда болуы ата-аналар мен педагогтарға ақпараттармен тез алмасудың қосымша құралдарын пайдалануға мүмкіндік берді. Көптеген оқу орындарында ата-аналар әр оқушының оқуы барысы мен нәтижелері туралы тез хабар алатындай қызмет ету жүйелері дамып жатыр. Бұл мақсаттар үшін

жұмылдырылған пошта мен SMS-хабарлар пайдаланылған. Көп жағдайда ата-аналар мен педагогтарды хабардар етудің тездігі оқушыларды оқыту мен тәрбиелудің тиімділігін арттыруға шешуші түрде әсер етеді[1].

Әдетте, ата-аналардың мектеппен және ата-аналар арасының виртуалды байланысы, мектепте және үйде іске асырылатын оқу және тәрбие әрекеттерінің өзара байланыстылығына және кешенділігіне мүмкіндік беретін, ата-аналар мен педагогтардың еркін формальды емес өзара қатысын қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру хақында. Материалы межд. науч.-практ. конф. “Аймауытов тағылымы”, Павлодар, 2007. -С. 66-73.
2. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру жоғары оқу орындарында мамандар дайындаудың бағыты ретінде. Материалы межд. науч.-практ. конф. “Использование информационных и инновационных технологии в системе непрерывного профессионального образования”, Кызылорда, 2007 - С.19-23
3. Ошанова Н.Т.Білім беру жүйесінде коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру.:Вестник КазНПУ им.Абая, Алматы, №2(13), 2005.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.